

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс  
саласындағы мемлекеттік нормативтер  
**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫС  
НОРМАЛАРЫ**

---

Государственные нормативы в области  
архитектуры, градостроительства и строительства  
**СТРОИТЕЛЬНЫЕ НОРМЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**ӨНДІРІСТІК ҒИМАРАТТАР**

---

**ПРОИЗВОДСТВЕННЫЕ ЗДАНИЯ**

**ҚР ҚН 3.02-27-2013  
СН РК 3.02-27-2013**

**Ресми басылым  
Издание официальное**

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің  
Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер  
ресурстарын басқару комитеті

Комитет по делам строительства, жилищно-коммунального  
хозяйства и управления земельными ресурсами  
Министерства национальной экономики Республики Казахстан

Астана 2015

## АЛҒЫ СӨЗ

- 1 **ӘЗІРЛЕГЕН:** «ҚазҚСҒЗИ» АҚ, «Монолитстрой-2011» ЖШС
- 2 **ҰСЫНҒАН:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің Техникалық реттеу және нормалау басқармасы
- 3 **БЕКІТІЛГЕН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің 2014 жылғы 29-желтоқсандағы № 156-НҚ бұйрығымен 2015 жылғы 1-шілдеден бастап

## ПРЕДИСЛОВИЕ

- 1 **РАЗРАБОТАН:** АО «КазНИИСА», ТОО «Монолитстрой-2011»
- 2 **ПРЕДСТАВЛЕН:** Управлением технического регулирования и нормирования Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан
- 3 **УТВЕРЖДЕН (Ы) И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ:** Приказом Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства Национальной экономики Республики Казахстан от 29.12.2014 № 156-НҚ с 1 июля 2015 года.

Осы мемлекеттік нормативті Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі Уәкілетті мемлекеттік органның рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства Республики Казахстан

## МАЗМҰНЫ

|   |    |
|---|----|
| КІРІСПЕ .....   | IV |
| 1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ .....  | 1  |
| 2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР .....  | 1  |
| 3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР.....  | 2  |
| 4 МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ТАЛАПТАР.....  | 2  |
| 4.1 Нормативтік талаптардың мақсаты .....   | 2  |
| 4.2 Функционалдық талаптар.....   | 3  |
| 5 ЖҰМЫС СИПАТТАМАЛАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР .....  | 4  |
| 5.1 Негізгі ережелер.....   | 4  |
| 5.2 Ғимараттардың сенімділігі мен орнықтылығын қамтамасыз ету бойынша талаптар .....                    | 5  |
| 5.3 Өрт қауіпсіздігі бойынша талаптар .....   | 6  |
| 5.3.1 Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етудің жалпы талаптары .....   | 6  |
| 5.3.2 Ғимараттан және үй-жайдан эвакуациялау талаптары .....  | 7  |
| 5.4 Ғимаратты пайдалану барысында адамдардың денсаулығын сақтауды қамтамасыз ету бойынша талаптар ..... | 8  |
| 5.4.1 Аумақтарға және жер телімдеріне қойылатын талаптар .....  | 8  |
| 5.4.2 Өндірістік үй-жайларға қойылатын талаптар .....   | 9  |
| 5.5 Халықтың мүмкіндігі шектеулі топтары үшін қолжетімділік .....                                       | 12 |
| 5.6 Инженерлік қамтамасыз ету .....   | 13 |
| 5.7 Қоршаған ортаны қорғау .....  | 15 |
| 6 ЭНЕРГИЯ ҮНЕМДЕУ ЖӘНЕ ТАБИҒИ РЕСУРСТАРДЫ ҰТЫМДЫ ПАЙДАЛАНУ... 16  |    |
| 6.1 Энергия тұтынуды азайтуға қойылатын талаптар .....  | 16 |
| 6.2 Табиғи ресурстарды тиімді пайдалану .....   | 17 |

## **КІРІСПЕ**

Осы құрылыс нормасын әзірлеген кезде конструктивтік элементтерге, конструкциялар қауіпсіздігіне, ғимаратты пайдалануға, ғимараттың өрт қауіпсіздігіне және т.б. жалпы талаптар белгілейтін Қазақстан Республикасындағы қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттар пайдаланылды, сондай-ақ құрылыс нормаларының осы жобасын халықаралық нормативтік-техникалық құжаттармен үйлестіру бойынша жұмыстар жүргізілді.

Осы құрылыс нормаларында:

- нормативтік талаптардың мақсаты;
- функционалдық талаптар;
- жұмыс сипаттамаларына қойылатын талаптар бар.

Осы құрылыс нормаларының талаптарын орындаудың қолайлы шешімдері ҚР ЕЖ «Өндірістік ғимараттар» келтірілген.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫС НОРМАЛАРЫ  
СТРОИТЕЛЬНЫЕ НОРМЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

---

**ӨНДІРІСТІК ҒИМАРАТТАР**

---

**ПРОИЗВОДСТВЕННЫЕ ЗДАНИЯ**

---

Енгізілген күні - 2015-07-01

**1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ**

1.1 Осы құрылыс нормалары өндірістік мақсаттағы ғимараттар мен құрылыстарды жобалауға, салуға, реконструкциялауға, пайдалануға қойылатын міндетті талаптарды белгілейді.

1.2 Осы нормалардың талаптары жарылыс заттары мен жарылғыш құралдарын өндіретін ғимараттар мен құрылыстардан, сондай-ақ, жер асты тау өндірістерінен басқа, өнеркәсіптің барлық салаларындағы өндірістік ғимараттарға, үй-жайларға таралады.

1.3 Осы құрылыс нормаларының талаптары өндірістік ғимараттарды, зертханалық және шеберханалық үй-жайларды жобалау мен салудың барлық кезеңдерінде сақталуы тиіс.

**2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР**

Осы құрылыс нормаларын қолдану үшін мынадай нормативтік құжаттар қажет:

2007 жылдың 9 қаңтарындағы № 212 «Қазақстан Республикасының экологиялық кодексі».

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 29 тамыздағы № 796 қаулысымен бекітілген «Ғимараттарды, үй-жайларды және құрылыстарды автоматты өрт сөндіру және автоматты өрт дабылымен, өрт кезінде адамдарға хабарлау және оларды көшіруді басқару жүйелерімен жабдықтау жөніндегі» техникалық регламенті.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 16 қаңтардағы № 14 қаулысымен бекітілген «Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар» техникалық регламенті.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 17 қарашадағы № 1202 қаулысымен бекітілген «Ғимараттар мен құрылыстардың, құрылыс материалдары мен бұйымдарының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламенті.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 24 қазандағы № 1355 қаулысымен бекітілген Электр қондырғыларын орнату ережесі.

ҚР ҚН 3.01-01-2013 Қала құрылысы. Қалалық және ауылдық елді мекендерді жоспарлау және құрылысын салу.

---

**Ресми басылым**

ҚР ҚН 3.02-08-2013 Әкімшілік және тұрмыстық ғимараттар.

## **ҚР ҚН 3.02-27-2013**

ҚР ҚН 3.02-29-2012 Қоймалық ғимараттар.

ҚР ҚН 3.06-01-2011 Ғимараттар мен имараттардың қимылы шектеулі топтар үшін қолжетімділігі.

ҚР ҚН 4.01-01-2011 Ғимараттар мен имараттардың ішкі су құбыры және кәрізі.

ҚР ҚН 4.02-01-2011 Ауаны жылыту, желдету және кондиционерлеу.

ҚР ҚБҚ 1.01-01-2014 Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтер. Негізгі ережелер.

Ескертпе - Осы мемлекеттік нормативті пайдаланған кезде сілтеме құжаттардың әрекетін ағымдағы жылғы жағдай бойынша жыл сайын құрастырылатын «Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын нормативтік құқықтық және нормативтік-техникалық актілер тізбесі» ақпараттық тізімдеме және ай сайын шығарылатын тиісті ақпараттық бюллетень-журнал бойынша тексерген жөн. Егер сілтеме құжат ауыстырылса (өзгерсе), онда осы нормативті пайдаланған кезде ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алу керек. Егер сілтеме құжат ауыстырусыз күшін жойса, онда оған сілтеме жасалған ереже осы сілтемеге қатысы жоқ бөлігіне қолданылады.

### **3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР**

Осы құрылыс нормаларында ҚР ҚБҚ 1.01-01 бойынша терминдер, сондай-ақ тиісті анықтамалары бар мынадай терминдер қолданылады:

**3.1 Ғимараттардың инженерлік қондырғылары:** Сұйықтықтарды, газдарды, электр энергиясын беруді және бөлуді (су құбыры, газ құбыры, жылыту, электр, канализация, желдету құрал-жабдығы) қамтамасыз ететін аспаптар, аппараттар, машиналар мен коммуникациялар жүйесі.

**3.2 Алаң:** Ғимаратта немесе одан тысқары орналасқан жеке тіректерге, ғимарат құралымдарына немесе жабдықтарға тіреліп тұратын құрал-жабдықты орнатуға, қызмет көрсетуге немесе жөндеуге арналған бір қабатты құрылыс (қабырғасыз).

**3.3 Ғимараттардың қабаттылығы:** Жер үстіндегі барлық қабаттарды, егер жабынының беті жердің орташа жоспарлау белгісінен 2 м кем болмаса техникалық және шығыңқы іргелі қабаттарды қоса алғандағы ғимарат қабаттарының саны.

**3.4 Жертөле қабаты:** Үй-жай еденінің белгісі жердің жоспарлы белгісінен жайдың биіктігінің жартысынан көп төмен орналасқан қабаты.

**3.5 Техникалық қабат:** Инженерлік құрал-жабдықтарды орналастыруға және коммуникацияларды жүргізуге арналған қабат; төменгі (техникалық еден астында), жоғарғы (техникалық шатырда) қабаттарда немесе ғимараттың орта бөлігінде орналасуы мүмкін.

**3.6 Цокольдық қабат:** Үй-жай еденінің белгісі жердің жоспарлы белгісінен жайдың биіктігінің жартысынан көп төмен орналасқан қабаты.

### **4 МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ТАЛАПТАР**

#### **4.1 Нормативтік талаптардың мақсаты**

Нормативтік талаптардың мақсаты адамдардың өмірі мен денсаулығын сақтау, мүліктерді және қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды тиімді пайдалану, энергия

тұтынуды үнемдеу, объектілер мақсаты мен қауіпсіздігіне қатысты тұтынушыларды (пайдаланушыларды) жаңылдыруға алып келетін әрекеттерді ескерту, сондай-ақ өндірістік процесс және оның технологиялық және айрықша ерекшеліктерін ескере отырып, еңбек үшін жағдай жасау мақсатында олардың өмірлік циклының барлық сатысындағы өндірістік ғимараттардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

## **4.2 Функционалдық талаптар**

4.2.1 Өндірістік ғимараттар конструкциясы оларды бұзғанға дейін жүктемелер мен барлық пайдаланылу бойында олардың кездесуі мүмкін басқа да әсерлерге ықтималдықтың қисынды дәрежесі арқылы төзімділік есебімен жобалануы тиіс.

4.2.2 Өндірістік ғимараттар өрттің және оның қауіпті факторларының пайда болуын және тарау қаупін болдырмау үшін, ал өрт туындаған жағдайда – адамдарды, оның ішінде физикалық қозғалу мүмкіндігі шектеулі адамдарды қауіпсіз аймаққа көшіру кезінде көтергіш конструкциялардың орнықтылығын және өрт сөндіруді қамтамасыз етуді ескере отырып жобалануы тиіс.

4.2.3 Ғимараттағы және аумақтағы жану ошағын жылдам өшіру мүмкін болмаған жағдайда, өрттің және оның қауіпті факторларының жану ошағынан тыс жерлерге таралуын шектеу үшін жағдай жасалуы тиіс. Өрт кезінде ғимаратты немесе оның элементтерін салғанда, ең қолайсыз ауа-райы жағдайының өзінде де іргелес ғимараттарға өрттің таралуы шектелуі тиіс.

4.2.4 Өндірістік кәсіпорындар аумағын жоспарлау цехтар мен өндірістік учаскелердің өндіріс процесінің талабына сәйкес келетіндей жүргізілуі, оның үздіксіздігін, технологиялық процестің бірізділігіне байланысты цехтар мен учаскелердің өзара байланысын қамтамасыз етуі тиіс.

4.2.5 Өндірістік ғимараттарда аумақтың көріктендірілуін, сәулет-жоспарлық шешімдерді, санитарлық-гигиеналық талаптарды ескере отырып, ғимаратты пайдалану барысында адамдардың өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз ететін еңбек жұмсауға барлық қажетті жағдай жасалуы тиіс.

4.2.6 Ғимараттың конструктивтік шешімдері жылжыту, жұмыс істеу, жылжымалы құрылғыларды, технологиялық және инженерлік жабдықтарды пайдалану кезінде ондағы адамдардың жарақат алу мүмкіндігін болдырмауы қажет.

4.2.7 Ғимараттың конструктивтік шешімдері оны жылжыту, жұмысы барысында, жылжымалы, технологиялық және инженерлік қондырғыларды пайдалану барысында онда адамдар болған кезде олардың жарақат алу мүмкіндігін болдырмайтын ықпал етуі тиіс.

4.2.8 Инженерлік қамтамасыз етудің ішкі жүйесі, температураны, оның ішінде қабырғалардың ішкі бетінің температурасын, ылғалдылық пен ауа қозғалысының жылдамдығын, сондай-ақ қоршау конструкцияларының жылуға төзімділігі мен еден бетінің жылу сіңіргіштігін қоса алғанда, қолайлы микроклиматты қамтамасыз етуі тиіс.

4.2.9 Сумен жабдықтау жүйесі және канализация және олардың ішкі желілері судың ағуына жол бермеуі, топырақ пен қоршаған ортаны ластамауы тиіс.

## **ҚР ҚН 3.02-27-2013**

4.2.10 Инсоляцияны қоса алғанда, жайдың дыбыс өткізбеушілігі мен жарықтандыру арқылы қалыпты жұмыс жағдайын жасау, адамның денсаулығына залал келтіретін қауіптерді болдырмау керек.

4.2.11 Өндірістік ғимараттар мен құрылыстарда халықтың мүмкіндігі шектеулі топтарының келуі үшін қажетті қызметтерді жеке немесе қосалқы құралдардың көмегімен, сондай-ақ шұғыл жағдай кезінде эвакуациялауды қауіпсіз жүзеге асыру үшін жағдай жасалуы тиіс.

4.2.12 Өндірістік ғимараттарды салған кезде қоршаған ортаны қорғау, табиғи ортаны қалпына келтіру, табиғи ресурстарды тиімді пайдалану мен жаңғырту, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі шаралар қарастырылуы тиіс.

4.2.13 Өндірістік ғимараттар мен іргелес аумақтарды жобалаған кезде, қатты тұрмыстық қалдықтарды жою жөніндегі шаралар қарастырылуы тиіс.

4.2.14 Өндірістік ғимараттар және оларды қоршайтын құрылыс конструкциялары, жылыту және салқындату жүйесі, ауаны желдету мен баптау, сондай-ақ жарықтандыру энергия үнемдеу мен жылу сақтау режимінде жұмыс істеуі тиіс.

4.2.15 Өндірістік ғимараттарда табиғи ресурстарды тиімді пайдалану қамтамасыз етілуі, ғимаратты пайдаланудың есептік мерзіміне, құрылыс материалдары мен конструкцияларды қолдануға арналған өндірістік қалдықтар мен қайта қолданылатын материалдарды барынша көп пайдалануға, құрылыс конструкцияларын қайта пайдалануға және құрылыс материалдарын көшіру кезінде құрылыс қалдықтарын ұқсатуға сәйкес құрылыс конструкцияларының, материалдар мен бұйымдардың жұмыс қабілеті сақталуы тиіс.

## **5 ЖҰМЫС СИПАТТАМАЛАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

### **5.1 Негізгі ережелер**

5.1.1 Ғимараттың сәулет шешімдерін қала құрылысын, құрылыс жүргізетін ауданның климаттық шарттарын және құрылыс салатын ортаның сипатын ескере отырып қабылдау қажет.

5.1.2 Ғимараттарда адамдардың қауіпсіздігі санитарлық-эпидемиялық және микроклиматтық шарттармен қамтамасыз етілуі тиіс: жұмыс аумағының ауасында шекті рұқсат етілген шоғырланудан жоғары зиянды заттардың жоқ болуы, үй-жайларда жылу мен ылғалдың аз бөлінуі; шуылдың, дiрiлдiң, ультрадыбыс деңгейiнiң, электр магниттік толқындардың, радиожиiлiктердiң, статикалық электрдiң және иондалатын сәулеленудiң рұқсат етiлген мiндерiнен жоғары болмауы, сондай-ақ, «Өндiрiстiк мақсаттағы ғимараттар мен құрылыстарға қойылатын санитарлық-эпидемиялық талаптар» санитарлық ережелер талаптарына сәйкес жұмыс iстеушiлерге физикалық жүктеме түсiрудi, назарға күш түсiрудi шектеу және шаршаудың алдын алу.

5.1.3 Өндiрiстiк ғимараттардың көлемдiк-жоспарлық және конструктивтiк шешiмi «Ғимараттар мен құрылыстардың, құрылыс материалдары мен бұйымдарының қауiпсiздiгiне қойылатын талаптар» техникалық регламентiнiң талабын сақтау арқылы қауiпсiздiктi қамтамасыз етуi тиiс.



5.1.4 Өндірістік ғимараттарды жобалау барысында келесілер мүмкін болады:

а) сыртқы қоршау конструкциялар алаңдарын қысқартуды ескере отырып ғимараттың көлемдік-жоспарлық шешімдерін қабылдау;

б) гигиеналық нормативтердің талаптарын ескере отырып табиғи және жасанды жарықтандыруды жобалау нормаларына сәйкес жарық ойықтарының аумағын қабылдау;

в) құрылыс конструкцияларына, технологиялық процестерге және жұмыс істеушілерге діріл белсенді жабдықтардан немесе сыртқы тербеліс көздерінен туындайтын динамикалық әсерлерді төмендету қажеттілігін ескеріп көлемдік-жоспарлау шешімдерін әзірлеу.

## **5.2 Ғимараттардың сенімділігі мен орнықтылығын қамтамасыз ету бойынша талаптар**

5.2.1 Ғимараттың конструкциялық шешімдері өндіріспен берілетін (ішкі цех ортасының жебірлі деңгейі, отқа төзімділік және т.б.) талаптарға, сондай-ақ, құрылыс жүретін ауданға (климаттық шарттар, жүктемелер, тиісті материалдар мен конструкциялардың болуы және т.б.) байланысты.

5.2.2 Үлкен ұзындықтағы ғимараттарда олардың көлемдік-жоспарлау шешімдеріне және құрылыс жүретін аудандағы табиғат-климаттық шарттарына байланысты температуралық-шөгу, жаңбырлы және жер сілкінісіне қарсы тігістер қарастырылуы тиіс.

5.2.3 Құрылыс уақыт келе өзгертін көрсеткіштер есептік пайдалану мерзімінде конструкцияның көтергіш қабілеттілігіне әсер етпейтіндей жобалануы тиіс. Бұл жағдайда қоршаған ортаның әсерін және техникалық қызмет көрсету бойынша жоспарлық шараларды ескерген жөн.

5.2.4 Болуы мүмкін зақымдауларды төмендегілерді көздейтін бір немесе кешенді шараларды орындау есебінен шектеу немесе жою қажет:

а) құрылыста болуы мүмкін қауіптіліктердің алдын алу, шектеу немесе азайту;

б) ықтималды қауіптіліктерге сезімталдығы аз конструктивті қалыптарды таңдау;

в) конструкцияның жеке элементі немесе белгілі бір бөлігі істен шыққанда немесе кездейсоқ жойылғанда барлық құрылыстың толық істен шығуына әкелмейтіндей конструктивті қалыптарды және жобалық шешімдерді қолдану;

г) бастапқы белгілерсіз бұзылуы мүмкін болатын көтергіш конструкциялық жүйелерді мүмкіндігінше алып тастау;

д) конструктивтік элементтерді сенімді біріктіру.

5.2.5 Негізгі талаптарға сәйкестік келесілер арқылы қамтамасыз етілуі тиіс:

а) тиісті құрылыс материалдарын қолдану;

б) сапалы жобалау және есептеу, сондай-ақ, тиісті құрылыстық орындаулар;

в) нақты жобаға қатысты жобалау, дайындау, құрылыс жасау және пайдалану кезеңдерінде бақылау процедураларын белгілеу.

5.2.6 Жобалау кезеңінде ұзақ мерзімділікке әсер етуін белгілеу мақсатында және құрылыс материалдары мен бұйымдарын қорғау үшін тиісті шараларды қабылдау үшін қоршаған орта жағдайларын анықтау қажет.

### **5.3 Өрт қауіпсіздігі бойынша талаптар**

#### **5.3.1 Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етудің жалпы талаптары**

5.3.1.1 Ғимараттың өрт қауіпсіздігі және көлемдік-жоспарлау шешімдері Қазақстан Республикасы аумағында қолданылатын «Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар», «Ғимараттарды, үй-жайдың және құрылыстарды автоматты өрт сөндіру, автоматты өрт сигналы жүйелерімен және өрт барысында адамдарға хабарлау және көшіруді басқару қондырғыларымен жабдықтау талаптары» техникалық регламенттердің және басқа нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес болуы тиіс.

5.3.1.2 Өндірістік ғимараттардың негізгі көлемдік-жоспарлау шешімдері технологиялық процестерді ұйымдастыруды ескере отырып ғимаратты жобалау тапсырмасында анықталады. Бұл жағдайда ғимарат пайдаланудың есептік шарттарында, сондай-ақ, төтенше жағдайларда қауіптің бірі болып табылатын өрт жағдайында қауіпсіздік пен сенімділікті қамтамасыз етуі тиіс.

5.3.1.3 Ғимараттың көлемдік-жоспарлау шешімдері үй-жайдың функционалдық өрт қаупін ескере отырып орындалуы тиіс. Ғимаратта әртүрлі функционалдық өрт қауіпті үй-жайды орналастыру барысында оларды өрт қауіптілігіне жауап беретін өртке қарсы шаралар қарастырылған ғимарат бөліктерінде біріктіру қажет.

5.3.1.4 Бір үй-жайда әртүрлі өрт қаупі бар телімдер немесе технологиялық процесстер бар болғанда өрттің таралуын болдырмайтын шаралар қарастырылуы тиіс.

5.3.1.5 Үй-жайды орналастыру барысында құрылыс конструкциялар және коммуникациялар бойымен, тігінен және көлденең сыртқы ойықтар бойымен ойықтар мен саңылаулар арқылы, сондай-ақ, қоршау конструкциясы немесе коммуникация қызып кетуі немесе олардың бұзылу нәтижесінде іргелес үй-жайларда өрттің таралу қауіптілігін ескеру қажет.

5.3.1.6 Өндірістік ғимараттардың көлемдік-жоспарлық және конструктивтік шешімдері өрт жағдайларында келесілерді қамтамасыз етуі тиіс:

а) өрттің қауіпті факторлары салдарынан өмірге және денсаулыққа қауіп төнгенге дейін ғимарат аумағына іргелес аумаққа адамдарды көшіру;

б) көшіріп үлгермеген адамдарды құтқару мүмкіндігі;

в) өрт ошағына өрт бөлімшелерін және өрт сөндіру құралдарын кіргізу, сондай-ақ, адамдарды және материалдық құндылықтарын құтқару бойынша шаралар жүргізу мүмкіндігі;

г) іргелес өрт бөліктеріне және жақын орналасқан ғимаратта өрттің таралмауы.

5.3.1.7 Бір ғимаратта немесе үй-жайда әртүрлі өрт жарылыс және өрт қаупі бар технологиялық процесстерді орналастыру кезінде жарылыстың немесе өрттің алдын алу шаралары қарастырылуы тиіс.

5.3.1.8 Өрттің таралуын болдырмайтын құрал өрттің сценарийін құрауды, ықтималды залалды болжауды және осы қаражатқа залал мен шығынның аз сомасы бойынша ең тиімді шешімдерді қабылдауды қосатын техникалық-экономикалық негізден ала отырып таңдалады.

5.3.1.9 Құрылыс материалдарының өрт қауіптілік топтары мен класы бойынша, ал ғимараттардың отқа төзімділік деңгейлері мен конструктивті өрт қауіптілік кластары бойынша жіктелуін «Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар» техникалық регламентіне сәйкес қабылдау қажет.

5.3.1.10 Өрт жарылыс және өрт қаупі бойынша үй-жайдың санаттарын «Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес белгілеу қажет. Өрт жарылыс және өрт қаупі бойынша ғимараттың санаттары ең қолайсыз өрт немесе жарылыс кезіндегі қатынасында анықталады.

5.3.1.11 Автоматты өрт сөндіру қондырғыларын және автоматты өрт сигналын, хабарлау жүйелерін "Ғимараттарды, үй-жайларды және құрылыстарды автоматты түрде өрт сөндіру және автоматты өрт дабылымен, өрт кезінде адамдарға хабарлау және оларды эвакуациялауды басқару жүйелерімен жабдықтау жөніндегі талаптар" техникалық регламентіне, сондай-ақ өрт қауіпсіздігі бойынша қолданыстағы нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес қарастыруы қажет.

5.3.1.12 Ғимараттың құрылыс шешімдерінде өртке қарсы қорғанудағы экономикалық залал мен шығынның ең аз сомасы адамдардың қауіпсіздігін ескере отырып, ғимарат пен үй-жайдың функционалдық арналуына сәйкес көлемдік-жоспарлық және конструктивті шешімдерді таңдау кезінде бірінші кезекте отқа төзімділік деңгейінің және конструктивті өрт қауіптілік класының функционалдық өрт қауіптілік класына сәйкес келуімен қамтамасыз етіледі.

5.3.1.13 Өрт бөліктердің ауданын, қабат санын өрт жарылыс және өрт қаупі санатына, отқа төзімділік деңгейіне, ғимараттың конструктивті және функционалдық өрт қауіптілік кластарына, өртті анықтаудың және сөндірудің сенімді құралдарын ескере отырып, өрт жүктемесі мен отқа төзімділік шегінің арақатынасымен бағаланатын көтергіш құрылыс конструкциясының өрт кезінде отқа төзімділік шегіне жету мүмкіндігіне байланысты шектеу қажет.

5.3.1.14 Өрт қауіпсіздігінің рұқсат етілген қауіп деңгейінің техникалық мүмкіндігін және экономикалық тиімділігін негіздеу ғимараттың арналуын және көлемдік-жоспарлық шешімдерін, талап етілетін қызмет етудің мерзімі, жауапкершілік деңгейі, объектінің өрт қауіптілігі және өрт сөндіру құралдарының сенімділігі ескеріле отырып орындалуы тиіс.

### **5.3.2 Ғимараттан және үй-жайдан эвакуациялау талаптары**

5.3.2.1 Эвакуациялық жолдарды "Ғимараттарды, үй-жайларды және құрылыстарды автоматты түрде өрт сөндіру және автоматты өрт дабылымен, өрт кезінде адамдарға хабарлау және оларды эвакуациялауды басқару жүйелерімен жабдықтау жөніндегі талаптар" техникалық регламентіне, «Өрт қауіпсіздігіне жалпы талаптар» техникалық регламенттер талаптарына сәйкес қарастыруы қажет.

5.3.2.2 Ғимараттың әрбір қабатын, оның ішінде жертөлениң өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында эвакуациялық шығатын жер қарастырылуы керек, оның саны эвакуациялаудың есептік уақытымен және шығатын жердің құрсаулану ықтималдығын ескере отырып анықталуы тиіс.

5.3.2.3 Көшірудің жолы іргелес үй-жай арқылы дәлізге, далаға немесе баспалдақ торына апаратын болса, онда шығуға дейінгі арақашықтық іргелес үй-жайдың бірінен ең қауіпті санаты бойынша қабылданады.

## **ҚР ҚН 3.02-27-2013**

5.3.2.4 Бір қабатты үй-жайда ең алыс үй-жайдың есігінен сыртқа қарай шығатын жеріне немесе ең жақын баспалдақ алаңына дейінгі дәліз бойымен әр түрлі санаттарды орналастыру барысында арақашықтық ең қауіпті санаты бойынша анықталады.

Дәліздегі адам ағынының тығыздығы дәлізге үй-жайдан көшетін адамның санына арақатынасы ретінде анықталады, бұл жағдайда осы дәліздің аумағы ортақ дәліздерге үй-жайдан ашылатын есіктерінде, ортақ дәліздің ені азайтылған болып қабылданады:

- есік төсемінің жарты еніне - есіктер бір бағытта орналасқанда;
- есік төсемнің еніне - есіктер екі бағытта орналасқанда.

5.3.2.5 Дәлізден сыртқа немесе баспалдақ торына қарай шығатын көшіру жолының (есіктің) енін осы шығу арқылы эвакуацияланатын адамдардың жалпы санына, шығудың (есіктің) 1 м еніне адам санына байланысты қабылдау қажет.

5.3.2.6 Эвакуациялық баспалдақтар енін есептеу кезінде тірек-қимыл аппаратының бұзылушылығы бар мобильдік жұмыс істеушілердің болу мүмкіндігін ескеру керек.

5.3.2.7 Үй-жайларда және дәліздерде ҚР ҚН 4.02-01 сәйкес өрт шығу жағдайында түтін сейілтуді қарастыру қажет.

5.3.2.8 Түтін сейілтуді есептегенде ескерілетін ашылмалы зенит шамдар жабынды ауданы бойынша біркелкі орналасуы тиіс.

5.3.2.9 Тез тұтанатын, жанғыш және уытты сұйықтықтары бар аппараттар, қондырғылар және жабдықтар орнатылған жабындының және технологиялық алаңдардың телімдерінде жанбайтын материалдардан немесе табандықтардан жасалған бітеу ернеулері болуы тиіс. Ернеулер биіктігі, ернеулер немесе табандықтар арасындағы аудан жобаның технологиялық бөлігінде белгіленеді.

## **5.4 Ғимаратты пайдалану барысында адамдардың денсаулығын сақтауды қамтамасыз ету бойынша талаптар**

### **5.4.1 Аумақтарға және жер телімдеріне қойылатын талаптар**

5.4.1.1 Жаңа, кеңейтілетін, қайта құрылатын, сондай-ақ, қолданыстағы өндірістік объектілерді орналастыру үшін алаңша таңдау талаптары жер, су ресурстары бойынша қолданыстағы нормативтік құжаттарға, сондай-ақ ҚР ҚН 3.01-01 талабына сәйкес қабылданады.

5.4.1.2 Жаңа құрылысқа және қолданыстағы объектіні кеңейтуге арналған алаңша аэроклиматтық сипаттаманы, жер бедерін, атмосферада өнеркәсіптік шығарылымдардың таралу заңдылығын, тұрғын, рекреациялық, шипажай аймағына, халықтың демалу аймағына қатысты ық жағымен атмосфераның ықтималды ластануын ескере отырып таңдалады.

5.4.1.3 Жаңа объектілерді рекреациялық аумақта, шипажайларда, санитарлық-қорғау, су қоймалардың суды қорғау және жағалау маңындағы жерлерде орналастыруға рұқсат етілмейді.

5.4.1.4 Өндірістің сипаттамасына сәйкес кәсіпорындар жеке түрде де, әр түрлі деңгейі бар кооперация тобының құрамында да орналастырылуы мүмкін.

5.4.1.5 Зиянды заттар қолданатын объектілерде әкімшілік-шаруашылық және қосалқы белдеулер өндірістік және көліктік-қоймадан алшақтықтар арқылы бөлінеді.

5.4.1.6 Жер телімдерде подъездер, сондай-ақ, ғимараттың айналасында өту мүмкіндігі қарастырылуы қажет. Подъезд жолдарының бет жақтарында қатты жабындар болуы тиіс.

5.4.1.7 Кәсіпорынның аумағын қоршау жобалау тапсырмасында белгіленген ғимаратты пайдалану және сақтау шарттарын ескере отырып жобалануы қажет.

5.4.1.8 Қоршаудың жер асты бөліктерін судың әсерінен оқшаулау қажет. Қоршауда қолданылатын торлар мен сымдарда тот басуға қарсы жабыны болуы тиіс.

5.4.1.9 Ғимараттардың ұзын осьтері және технологиялық жабдыққа арналған ашық алаңшалар зиянды заттарды пайдаланған кезде желдің басым бағытына параллель болуы тиіс.

5.4.1.10 Қызметкерлерге арналған автокөлік тұрақтары жүк көліктеріне арналған тұрақ орындарынан бөлек жерде болуы тиіс.

5.4.1.11 Өндірістік мекемелердің аумағындағы подъездер, тұрақтар жүк көлігі телімнен тыс жерге шықпай барлық ғимараттар мен құрылыстарға кіре алатындай етіп жобалануы тиіс.

5.4.1.12 Өндірістік ғимараттар жер телімдерін жобалау кезінде жүк түсіретін алаңшалар үшін орындар қарастырылуы тиіс.

5.4.1.13 Объекті аумағындағы құрылыстар мен жолдардан қалған бос орындар көріктендірілуі және көгалдандырылуы қажет.

#### **5.4.2 Өндірістік үй-жайларға қойылатын талаптар**

5.4.2.1 Көлемдік-жоспарлық шешімдері ғимараттың функционалдық мақсатын қамтамасыз етуі және өндіріс үшін оңтайлы жағдайлар жасауы қажет.

5.4.2.2 Тиісті есептеулермен расталған құрылыс конструкциялары ықтималды қауіпті әсерлерді, ұзақ мерзімділікті және сенімділікті ескере отырып, сондай-ақ үдемелі қирауға берік болуы тиіс.

5.4.2.3 Өндірістік ғимараттарды, үй-жайды және құрылысты жобалау технологиялық процесстермен және жабдықтармен айналыспайтын бос қызметкер нормаланған параметрден жоғары зиянды заттардың әсеріне шалдықпайтындай етіп жүзеге асырылуы тиіс.

5.4.2.4 Ғимарат ішіндегі жекелеген үй-жайдың өзара орналасуын технологиялық ағымға сәйкес жобалап, егер бұл технологиялық процесс ұйымның талаптарына қарсы келмесе, шикізаттың кері қайтуын немесе аралық және дайын өнімдер мен бұйымдардың түйіспелі жылжуын болдырмауы қажет.

5.4.2.5 Бір ғимаратта немесе құрылыста санитарлық-гигиеналық жағдайлары әр түрлі жекелеген өндірістерді және өндірістік жер телімдерді біріктіру кезінде жұмысшыларға зиянды факторлар әсер етуінің, сондай-ақ, олардың осы өндірістік факторлармен байланысы жоқ (оқшаулау, ауа перделері және т.б.) жұмыстар орындалатын көршілес жер телімдеріне өтудің алдын алу шаралары қарастырылуы қажет.

## ҚР ҚН 3.02-27-2013

5.4.2.6 Өндірістік ғимараттар мен құрылыстың сыртқы қабырғалары, егер технологиялық процеске қойылатын арнайы талаптарға қарсы келмейтін болса, табиғи ауа алмасуды және табиғи жарықтандыруды ұйымдастыру мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс.

5.4.2.7 Тиеу-түсіру рампасының ұзындығын жүк айналымына және қойманың сыйымдылығына байланысты, сондай-ақ, ғимараттың көлемдік-жоспарлық шешімдерін ескере отырып анықтау қажет. Тиеу-түсіру рампасының және платформасының енін тиеу-түсіру жұмыстарының технологиясы мен қауіпсіздік техникасы талаптарына сәйкес қабылдау қажет.

5.4.2.8 Қойма ғимаратының, үй-жайының едендері негізі мен жабыны конструкциялары, материалдары жиналатын жүктер жүктемесінің әсерін, еден үстілік көліктің механикалық әсер ету түрі мен қарқындылығын, шаң бөлінуін, статикалық электрдің және ұшқын түзілудің жиналуын ескере отырып белгілеу қажет.

5.4.2.9 Бу, газ, шаң түріндегі зиянды заттарды бөлмейтін ыстық технологиялық процестер болуын сипаттайтын объектілерді орналастыру үшін табиғи ауа алмасуды (аэрацияны) қамтамасыз ететін қабырғаның және жабынның конструктивті элементтері бар бір қабатты ғимараттар немесе көп қабатты ғимараттардың жоғарғы қабаты қарастырылуы тиіс.

5.4.2.10 Қауіпті заттармен жұмыс жүргізілетін бір ғимаратқа бірнеше өндірістерді орналастыру кезінде улы заттардың көп құрамды қоспасының пайда болуына және олардың жапсарлас өндірістік үй-жайларға таралуына кедергі келтіретін құрылыстық шешімді пайдалану арқылы әрқайсысын оқшауландыру қамтамасыз етіледі.

5.4.2.11 Зиянды сұйықтықтар мен газдарды тасымалдау үшін құбырларды, сондай-ақ басқару пультінің үй-жайына, санитарлық-тұрмыстық қондырғыларға және жаяу өтетін туннельдерге транзиттік бу құбырларын төсеуге жол берілмейді.

5.4.2.12 Жұмыс орнына негізгі және қосалқы қондырғыларды орналастыру жұмыс орнын құру және оның тұрақты немесе уақытша жұмыс істеуі үшін (технологиялық қондырғыларды профилактикалық тексеру, жөндеу және баптау) көлемі бойынша жеткілікті өткелдер мен бос алаңдарды, сондай-ақ қызметкерлердің қызмет көрсету аймағында еркін қозғалуын қамтамасыз етуі тиіс.

5.4.2.13 Өндірістік ғимараттарда орналастырылатын шикізат, жартылай фабрикат және дайын өнімдер, сондай-ақ жүк платформаларын (рампаны) ҚР ҚН 3.02-29 талабына сәйкес жобалау керек.

5.4.2.14 Өндірістік ғимараттарда жүк лифтерін орнатуға жол беріледі.

5.4.2.15 Ғимаратты терезесіз және жарық шамдарсыз салуға, табиғи жарықтандыру жеткіліксіз жертөлелерде және цокольдық қабаттарда тұрақты жұмыс орындары бар өндірістік үй-жайды орналастыруға рұқсат етіледі.

Бұл жағдайда келесілер қарастырылуы тиіс:

- а) жасанды жарықтандыру;
- б) ультракүлгін сәулеленуді ұйымдастыру;
- в) жұмысшылардың қысқа уақытта демалатын бөлмені ұйымдастыру;
- г) қолданыстағы санитарлық нормативтердің талаптарына сәйкес мәжбүрлі желдетудің тұрақты әрекет етуін қамтамасыз ету.

5.4.2.16 Барлық жұмысшылар үшін жұмыс уақытында демалатын үй-жайлар қарастырылуы қажет. Өндірістік үй-жайларда тамақты сақтауға және жеуге рұқсат етілмейді.

5.4.2.17 Жертөледен шығатын жерлерді көтеру-тасымалдау жабдығы жұмыс істейтін аймақтан тыс жерде қарастыру қажет.

5.4.2.18 Өндірістік ғимараттардың сыртқы қабырғаларына кіріктірмелер, егер табиғи ауа алмасу және жарықтандыру бұзылмайтын болса рұқсат етіледі.

5.4.2.19 А және Б санатты үй-жайларда сыртқы жеңіл лақтырылатын қоршау конструкцияларын қарастыру қажет.

5.4.2.20 Айтарлықтай жылу және басқа өндірістік зиянды заттар бөлініп шығатын ыстық цехтарда шұғыл еңіс жабындылар қарастыру қажет.

5.4.2.21 Жылытатын ғимараттың жабындыларын ішкі суағармен орындау қажет. Сүңгілер мен мұздардың түзілуіне кедергі болатын шаралар орындалған жағдайда жылытатын және жылытылмайтын ғимараттарда сыртқы суағарлар құрылған жабынды жасауға рұқсат етіледі.

5.4.2.22 Радиожиілікті ауқымның электр магниттік өрістер көздерімен жұмыс істеуге арналған үй-жайды жобалау кезінде басқа өндірістік үй-жайдан оларды оқшаулап орналастыруды қарастыру қажет. Ортақ үй-жайларда электр магниттік өрістер көзін орналастыру, егер қондырғыларда және оларға қызмет көрсету жұмыстарымен байланысты емес қызметкердің жұмыс орнындағы олардың деңгейлері Қазақстан Республикасының радиотехникалық объектілерге қойылатын қолданыстағы санитарлық талаптармен бекітілген шекті рұқсат етілген мәнінен аспайтын жағдайларда рұқсат етіледі.

Аталған жағдайларды қамтамасыз ету мүмкін болмаған жағдайда электр магниттік өріс көздері жеке үй-жайларда орналастырылады.

5.4.2.23 Электр магниттік өріс көзімен жұмыс істеуге арналған экрандалған үй-жайларда жұмыс алаңдары және көлемдер өңделетін бұйымның габаритіне қарай орнатылады.

5.4.2.24 Экрандалған үй-жайларда табиғи жарықтың, ультракүлгіннің жетіспеушілігін толтыру, ауаның газды және ионды құрамын өзгерту шаралары қарастырылады.

5.4.2.25 Экрандалған үй-жайлардағы қабырғалар, едендер және төбелер сіңіргіш материалдармен жабылады.

5.4.2.26 Лазерлерді орнатуға арналған үй-жайларда оларды орнату және пайдалану талаптары сақталуы тиіс.

5.4.2.27 Шуыл көздері болатын жаңа және қайта құралатын объектілерде үй-жай ішінде, жұмыс орындарында, сондай-ақ, тұрғын құрылыстарының айналасындағы аумақта шуылды азайтуға бағытталған сәулет-құрылыс шаралары қарастырылуы тиіс.

5.4.2.28 Жұмыс істеушілерге шуылдың, дірілдің, ультра- және инфрадыбыстардың әсер етуімен байланысты жұмыс орындарына жақын жерледе кезекпен демалуға және алдын алу процедураларын жүргізуге арналған үй-жай қарастырылуы тиіс.

## **ҚР ҚН 3.02-27-2013**

5.4.2.29 Жүк көтеретін крандарға қызмет көрсетуге арналған галереяларды, алаңдар мен баспалдақтарды өкілетті мемлекеттік органмен бекітілген жүк көтеретін крандар құрылғысының ережесіне және қауіпсіз пайдалануға сәйкес жобалау қажет.

5.4.2.30 Жылжымалы немесе тасымалды еден үстілік инвентарлық керек-жарақтарды (тіреуіш баспалдақтарды, сырғитын алаңшаларды, телескопиялық көтергіштерді) қолданғанда технологиялық жабдықты орналастыру немесе ғимараттың жалпы биіктігі себебінен мүмкін болмаған жағдайда терезе және шамдар әйнектерін жөндеу, тазалау үшін көрсетілген жұмыстарды қауіпсіз орындауды қамтамасыз ететін стационарлық құрылғы қарастырылуы қажет. Осы құрылғыларды пайдалану жобаның технологиялық бөлігінде негізделуі тиіс.

5.4.2.31 Шамдар мен олардың түрлерін орнату қажеттілігі (зенитті, П-үлгілі, жарықтық, жарық аэрациялық және т.б.) құрылыс ауданының климаттық жағдайларын ескере отырып технологиялық процестің ерекшелігіне, санитарлық-гигиеналық және экологиялық талаптарына байланысты жобамен белгіленеді.

5.4.2.32 Табақша силикатты әйнектен және әйнек пакеттен орындалатын зенит шамдарды әйнектеу астында, сондай-ақ, тікбұрышты жарық аэрациялық шамдарды әйнектеудің ішкі жағында қорғаныштық металл тор құрылғысын қарастыру қажет.

5.4.2.33 Ашылатын терезелермен немесе жарық түсіретін шамдармен жабдықталған ғимараттарда ашық ойықтардың көлемін реттеуге арналған еденнен немесе жұмыс алаңдарынан басқарылатын механизмдер, сондай-ақ, осыған ұқсас жұмыстарды ыңғайлы және қауіпсіз орындауды қамтамасыз ететін терезелерді, шамдарды және жарық түсіретін арматураларды тазалау үшін алаңдар мен механизмдер қарастырылуы тиіс.

5.4.2.34 Қақпа қашықтықтан және автоматты ашылатын болған жағдайда оны барлық жағдайларда қолмен де ашу мүмкіндігі қамтамасыз етілуі тиіс.

